

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2020

УДК 616-005.2/058+614.1-084

**Т. С. Серғалиев¹, Е. Ж. Маханбетчин¹, Ш. Д. Джакетаева¹, Г. Н. Асанова², А. Ж. Ескендір¹,
Н. У. Шынтаева¹**

АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ МЕДИКО-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Қарағанды медицинсалық университеті (Қарағанды, Қазақстан Республикасы),

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан Республикасы)

Мақаласы Қарағанды қаласынады артериялдық гипертензияға шалдықкан науқастырды зерттеуге арналған. Қазіргі таңда қала тұрғындары арасында артериялдық гипертензияға шалдықкан адамдардың көбеюі және оның еңбекке жарамды жастағы адамдар арасында көп таралғандықтан және соның салдарынан мүгеделіктің көбеюі мен осы сырқаттылықтың арқасында өлімнің көбеюі медициналық-әлеуметтік мәселе болып тұр. Қөптеген мамандардың зеттеуіне сүйене отырып қазақстанда артериялыш гипертензияға шалдықкан адамдардың саны жалпы тұрғындардың 15,2 дең 27%-ында анықталғанын көрсетеді, сонымен қатар бұл көрсеткіштер қала тұрғындары мен ауыл тұрғындары арасында тең екенін байқатып отыр.

Кітт сөздер: артериялыш гипертензия, қан қысымы, алдын-алу, медициналық көмек, қол жетімділік

Эпидемиологиялық мәліметтерге сәйкес, артериалды гипертензия (АГ) – Қазақстанда және шетелде көнінен таралған жүрек-қан тамырлары ауруларының бірі. Алғаш рет қан қысымы мен сырқаттанушылық пен жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлім-жітім арасындағы байланыс 1960-1970 жылдары Ардагерлер әкімшілігінің кооперативтік зерттеуінде енгізілді.

Жоғары қан қысымының негізгі өзгермелі себептері – тұзға бай диета, физикалық белсенділіктің төмен деңгейі, семіздік және алкогольді тұтыну. Осы факторлардың жиынтық әсерінің нәтижесінде қан қысымы жасына қарай жоғарылады. Цереброваскулярлық аурулардың шамамен 62% -ы және жүректің ишемиялық ауруының 49% -ы қан қысымының субоптимальды деңгейлерінен болады (систолалық қан қысымы (SBP)> 115 мм рт. ст.) [1]. Жүкті әйелдердегі гипертензиялық бұзылыстар бүгінгі таңда медицина саласындағы өзекті мәселелердің ішінде ерекше орын алады. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау (ДДС) ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын дүние жүзінде шамамен 50 000 ана гипертензиялық бұзылыстардың асқынударынан көз жұмады. Жүкті әйелдерде гипертензиялық бұзылыстың болуы эклампсия, қанның шашыранды үзү синдромы, тромбоцитопения, жедел өкпе ісінуі, қалыпты орналасқан плацентаның уақытынан бұрын ажырауы, ми-қан айналым бұзылысы, торлы қабаттың ажырау қаупін жоғарылатады [5]. Артериалды гипертензияны емдеуді жоғарылату терапевтік әсерге қол жеткізудің және осы аурудың асқынударының алдын алуың негізгі шараларының бірі болып табылады. Дәрігерлер мен пациенттер арасындағы сенімді қарым-қатынас, оларға артериал-

ды гипертензияны үнемі бақылаудың маңыздылығы және оларға медициналық дәрі-дәрмектерді қатаң орындау маңыздылығы туралы қол жетімді және нақты түсіндіру бұл мәселені шешүге септігін тигізеді [2]. Артериальдық қысым арттырудың психоэмоционалдық асқын кернеу мен күйзелістің рөлі дәлелденген, алайда қазіргі уақытта басқа қауіп факторларының және ауруға генетикалық бейімділікіз күйзелістің дамуы артериальдық қысым жоғарылауына және артериальдік гипертензияның дамуына ықпал етеді деңген түсінік бар. Артериальдық қысым нейрогуморальді механизмдерінде гипоталамо-гипофизарлы-бүйрек үсті жүйесінің гормондарына елеулі рөл тиесілі, артериальдық гипертензия дамуы үшін, сонымен қатар созылмалы эмоциялық кернеу кезінде күйзеліс үшін өнімдерінің артуы патогенетикалық тұрғыдан маңызды болып табылады [3].

Цереброваскулярлы патология – мезгілсіз өлімнің негізгі себептерінің бірі болып қазіргі уақытта медицинаның ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ақырғы жылдарда осы мәселеге арналған зерттеулердің статистикасына сүйенсек, инсульт пен инфаркт миокардысының асқынударынан болған өлім көрсеткіштері жоғарғы болып тұр, ал көрініше Еуропаның Шығыс және Орталық аймақтарында аталған дерптен көрініше өлім көрсеткішінің төмендеуін байқауға болады. Қөптеген ғалымдардың болжауынша егер осы дерптің (инсульт, инфаркт миокардысы) алдын алу шарасын дереу қолға алмаса, болашақта өкінішке орай инсульт пен инфаркт миокардысынан болатын өлім көрсеткіші жоғарылауы болжамдалуда [4].

Біз Қарағанды қаласының тұрғындары

Клиническая медицина

арасында артериялық гипертензия қауіп факторы (гипертониялық криздер, инсульт, миокард инфарктісі) болып табылатын аурулардан болатын өлім-жітімге байланысты DALY көрсеткішінің серпініне талдау жасадық. Ақпарат көзі ретінде Қарағанды қаласының №3 қалалық емханасының 2014-2019 жж. аралығындағы жылдық есептерінің деректері қарастырылды. Абсолютті және салыстырмалы шығындар, сондай-ақ, жынысы мен жас тобына байланысты абсолюттік шығындардың құрылымы 1-суретте көлтірлген.

2014 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде Қарағанды қаласы халқының артериялық гипертензияға байланысты аурулардан қайтыс болуына байланысты абсолюттік сандарда 3151 Daly бірлігі жоғалды, оның ішінде ер адамдар арасындағы шығындардың үлесіне 50,8 % (1603 DALY) және әйелдер арасындағы 49,1 % (1548 DALY) келеді. Бақылау кезеңінде ерлер арасындағы өз жынысындағы 1000 тұрғынға шаққандағы орташа шығын 17,7 Daly бірлігін құрады, бұл әйелдер арасындағы жоғалтудан 1,7 есе асып түсті.

Екі жыныстар үшін Daly ең үлкен абсолютті жоғалту 50-54 жас тобына келді. Бұл ретте 40-тан 59 жасқа дейінгі еңбекке жарамды жасқа ерлерде шығындардың 63,1% -ы келеді. Қарағанды қ. әйел халқының арасында Daly абсолютті шығынның ең көп үлесі (65,6%) 40-59 жастағы еңбекке қабілетті жастағы жас топтарына келді. Сол уақытта ерлерде бақылау кезеңде DALY салыстырмалы жастағы шығынның максимумы 70-74 жас тобына, ал әйелдерде 45-49 жас тобына келеді. Ер адамдар арасындағы DALY шығынның жоғары жас көрсеткіштері зерттелетін жас топтарының әрқайсысында ер адамдар саны әйел адамдар санына қарағанда айтартылтай төмен болды (70-74 жастағы топта ерлер мен әйелдер санының айырмашылығы 1,9 есеге жетті).

2014-2019 жж. Қарағанды қ. Тұрғындары арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болатын өлім-жітім салдарынан болған DALY артериальдық гипертензияға байланысты себептер салдарынан өлім-жітіммен байланысты DALY ысыраптарының жас құрылымының айырмашылығы бақылау кезеңінде 1-суретте айқын көрсетілген.

2 және 3-суреттерде 2014-2019 жылдар кезеңінде Қарағанды қ. ерлер мен әйелдер арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болатын өлім-жітімге негізделген DALY шығындарының серпіні көлтірлген.

DALY көрсеткішінің өзгеру динамикасы

тұрақты үрдістердің жоқтығымен сипатталады. Бастапқы деректердің өзгеруі тек полиноминалдық теңдеулермен түсіндірледі – әйелдер үшін 57,1%, ерлер үшін 24,2%.


Артериальдық гипертензиядан DALY көрсеткіштеріндегі гендерлік айырмашылықтар барлық жас топтарында ерлер арасында медициналық-демографиялық шығындардың басым болуына қарай анықталады. Талданатын кезең ішінде артериальдық гипертензия салдарынан Daly көрсеткіштері ерлер арасында әйел адамдар арасындағы жоғалтудан 1,2-1,6 есе асып түсті.

2-ші суретте көрсетілгендей Қарағанды қаласының тұрғындары арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болған өлім-жітім салдарынан болған DALY көрсеткіштері арқылы есептегендеге орташа салыстырмалы шығын 37,2 –ден (40-44 жастағы адамдар арасында) 9,6 шамасы (75 жастан жоғары адамдар) арасында тіркелгенін байқап отырмыз. Ал осы көрсеткіштің орташа салыстырмалы шығынанан тоқталсақ 40-44 жас аралығында 14,9 құрса 75 жас және одан жоғары 2,7 құрды (2-ші сурет).


Осындағы құбылысты әйелдер арасында да байқауға болады. DALY көосеткіштері арқылы есептегендеге орташа салыстырмалы шығын 13,1 –ден (40-44 жастағы адамдар арасында) 3,2 шамасы (75 жастан жоғары адамдар) арасында тіркелгенін байқап отырмыз. Ал осы көрсеткіштің орташа салыстырмалы шығынанан тоқталсақ 40-44 жас аралығында 2,4 құрса 75 жас және одан жоғары 3,2 құрды (3 сурет).

DALY бірлігі салауатты өмірдің жоғалған бір жылына сәйкес келетіндігін назарға ала отырып, Қарағанды облысының жалпы өнірлік өнімінің (ЖӨӨ) өлімге байланысты салауатты өмірдің жоғалған жылдарынан шамамен жоғалтуын бағалауға болады.

Кардиологиялық қызмет және денсаулық сақтау үйімі мамандарының АГ алдын алуға және барынша ерте диагностика жүргізуге бағытталған батыл іс-әрекеттерінсіз қан айналу жүйесінің ауруларымен куресте айтартылтай ілгерілеушілікке қол жеткізе алмайтынын дәлелдейді. Қазіргі уақытта артериялық гипертензия тек нысана-мүшелерде (ми, жүрек, бүйрек, тамырлар) қалыптасқан өзгерістер кезеңде ғана және ілеспелі патологияның, бірінші кезекте атеросклероздың дамының маңызды тәуекел факторын (ФР) өзін-өзі көрсете отырып жи латентті түрде өтеді. Қазіргі уақытта зерттеушілердің көпшілігі АГ алдын-алу бағдарламаларының жеткіліксіз тиімділігі ересек тұрғындар арасында жаңа ерте алдын алу іс-шараларын іздеуге және



1 сурет – 2015-2019 жж. Қарағанды қ. ерлер мен әйелдер арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болатын өлім-жітімге байланысты DALY шығындарының жас құрылымы (%)




2 сурет – 2014-2019 жж. Қарағанды қ. тұрғындары арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болған өлім-жітім салдарынан болған DALY көосеткіштері (ер адамдар арасында)

тәжірибеге енгізу, оларды ерте жас кезеңдеріне ауыстыру қажеттілігін талап етеді. Осы аурулардан болатын өлім-жітім себептерінің құрылымында ең көп үлес артериялық гипертензияға (АГ) келеді, бірқатар зерттеулерде ауру асқынуларының даму жиілігі мен артериялық қысым деңгейі арасындағы тікелей тәуелділік көрсетілген. Бұл асқынулардың өлім-жітім құрылымындағы үлесі өлім-жітімнің жалпы деңгейінен 55% - да дейін жетеді. Қазақстан Республикасында бұл көрсеткіш дамыған елдерге қарағанда 2-4 есе жоғары

ӘДЕБИЕТ

1 Бармағамбетова А. Т. Распространенность артериальной гипертонии в Казахстане и за рубежом // Вестник КазНМУ. – 2013. – №1. – С. 19-21.

2 Гамзаев М. А. Значимость самоконтроля артериального давления в повышении приверженности пациентов к лечению артериаль-



3-ші сурет 2014-2019 жж. Қарағанды қ. тұрғындары арасында артериялық гипертензияға байланысты себептерден болған өлім-жітім салдарынан болған DALY көосеткіштері (әйел адамдар арасында)

ной гипертензии //Медицинский вестник Башкорстана. – 2013. – №1. – С. 46-49.

3 Жусупова А. С. Инсульт – глобальная проблема отечественной неврологии //Человек и Лекарство. – 2011. – №3. – С. 6-9.

4 Ишемиялық инсульттің қауіп факторлары /Т. К. Қуандықов, В. В. Мұтағыров, А. Ж. Даняров и др. //MEDICINE. – 2018. – №4 (190). – С. 80-88.

5 Қазбекова Қ. С. Шымкент қаласындағы жүеті әйелдерде гипертензиялық бұзылыстарының кездесу жиілігі /Қ. С. Қазбекова, Ш. С. Ерназарова, А. А. Сариеva //Вестник НАО КазНМУ. – 2016. – № 1. – С. 16-18.

REFERENCES

1 Barmaғambetova A. T.Rasprostranennost' arterial'noj giperthnoii v Kazahstane i za rubezhom //Vestnik KazNNU. – 2013. – №1. – S. 19-21.

2 Gamzaev M. A. Znachimost' samokontrolja arterial'nogo davlenija v povyshenii priverzhennosti pacientov k lecheniju arterial'noj giperenzii //Medicinskij vestnik Bashkorstana. – 2013. – №1. – S. 46-49.

3 Zhusupova A. S. Insul't – global'naja problema otechestvennoj nevrologii //Chelovek i Lekarstvo. – 2011. – №3. – S. 6-9.

4 Ishemijalyk insul'ttiң қауіп faktorlary /T. K. Kuandykov, V. V. Mutayrov, A. Zh. Daniarov i dr. //MEDICINE. – 2018. – №4 (190). – S. 80-88.

5 Kazbekova Q. S. Shymkent қalasynadaғy zhyste әjelderde gipertenzijalyk bzylystarynyuñ kezdesu zhiiligi /Q. S. Kazbekova, Sh. S. Ernazarova, A. A. Sarieva //Vestnik NAO KazNNU. – 2016. – № 1. – S. 16-18.

Поступила 23.11.2019 г.

Клиническая медицина

T. S. Sergaliyev¹, Ye. Zh. Makhanbatchin¹, Sh. D. Dzhaketayeva¹, G. N. Asanova², A. Zh. Yeskendir¹, N. U. Shyntayeva¹
MEDICAL-DEMOGRAPHIC ASPECTS OF THE INCIDENCE OF ARTERIAL HYPERTENSION

¹*Karaganda medical university (Karaganda, Republic of Kazakhstan),*

²*International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmet Yasavi (Turkestan, Republic of Kazakhstan)*

The presented article is devoted to the study of the problem of arterial hypertension among the able-bodied population of the city of Karaganda. Arterial hypertension currently remains the main medical and social task due to the significant prevalence among the population, accompanied by a high level of disability and mortality. According to various researchers, the prevalence of arterial hypertension in Kazakhstan varies from 15.2 to 27%, and almost the same prevalence of arterial hypertension in the city and in the countryside is noted, which is comparable with international data.

Key words: arterial hypertension, blood pressure, prevention, medical care, accessibility

Т. С. Сергалиев¹, Е. Ж. Маханбетчин¹, Ш. Д. Джакетаева¹, Г. Н. Асанова², А. Ж. Ескендири¹, Н. У. Шынтаева¹

МЕДИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИЕЙ

¹*Карагандинский медицинский университет (Караганда, Республика Казахстан),*

²*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави (Туркестан, Республика Казахстан)*

Представленная статья посвящена изучению проблеме артериальной гипертензии среди трудоспособного населения г. Караганды. Артериальная гипертензия в настоящее время остается главной медико-социальной задачей из-за значительной распространенности среди населения, сопровождающейся высоким уровнем инвалидизации и смертности. Распространенность артериальной гипертензии в Казахстане по данным различных исследователей варьируется от 15,2 до 27%, причем отмечается почти одинаковый уровень распространенности артериальной гипертензии в городе и на селе, что сопоставимо с международными данными.

Ключевые слова: артериальная гипертензия, артериальное давление, профилактика, медицинская помощь, доступность